

«Утверждаю»

Директор

Сембиева Г.Т.



«29» 08 2022г.

Согласовано

Зам директора по ВР

Дарисова А.А.

Handwritten signature of Darisova A.A. in blue ink.

«29» 08 2022г.

«Жігер» дебат үйірмесінің жоспары

Үйірме жетекшісі: Гусмангалиева Ш.А

2022-2023 оқу жылы

Түсінік хат

Дебат пікір сайыс үйірмесі- оқушылардың жан-жақты ойы мен көзқарасын дамытуға арналған технология деп айтуға да болады. Оқушылар мен студенттерді пікір-сайыстарға араластыруға, өз бетімен ізденуге, білім алу және жалпы шығармашылық белсенділігін арттыруға көзделген. Дебат үйірмесінің жоспары аптасына 1 рет, жалпы 34 сағатқа жасақталған. 2020-2021 оқу жылында апробациядан өткізілді.

Пікір-сайыстарға дайындық барысында оқушылар белгілі – бір тақырып бойынша мәлімет жинастырып, оларды қарама – қарсы бағыттарды қолдайтын екі түрлі позицияға арналған жоспарға топтастырылады. Жалпы, оқушылардың бойына ұлттық үрдісті сіндіруде, баланы озық қоғамға сай етіп тәрбиелеуде дебат үйірмесінің берер пайдасы мол. Оқушыларға сапалы білім мен саналы білім беру – бүгінгі күннің басты өлшемі. Өз позициясын жақтап шығуға тырысқан оқушылар бос уақыттарын текке өткізбей, кітапханаға барып түрлі материалдар іздестіреді. Қазіргі таңда ғаламтордың шеңберінен шырматылып шыға алмай қалған балалардың көркем әдебиет оқуға құлшынысы арта түседі. Ойын барысында өз ойларын келелі сөз, шынайы шеберлікпен, шешен тілмен жеткізуге тырысады. Кез келген тыңдаушыға жүйелі сөз әсер етері хақ. Шешендік салтанат құрған жерде оқушылар ұлттық-рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, алдағы күнде ел жүгін мойнымен арқалауға дайын тұрады. Жаһандану заманында білім берудің озық үлгілерін пайдалана отыра нақты нәтижелерге қол жеткізу – бүгінгі заманның басты талабы. Пікір – талас барысында адамдар ортақ мәселе жайлы өз пікірлерін ортаға салады, олардың әр түрлі болуы заңды, пікір сайыстар арқылы тараптар ой бөлуге, өз көзқарастарының кемшіліктерін ашып, оларды ұштауға, кемелдендіруге мүмкіндік алады. Бағдарлама әдебиет, тарих пәндеріндегі заман өзгерісінің өзіндік жаңаша көзқарасын сұрап тұратын тақырыптар көптің қасы.. Пікір-сайыс логикалық, психологиялық, адамгершілік және көптеген басқа аспектілерді қамтиды. Үлкен додалар өткізіп, оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін анықтауға мүмкіндіктер береді.

Өзіндік көзқарасы бар, айналаны сыни тұрғыдан барлап, бағалайтын, шешім шығаруда өзгенің ойын таразылап, өз ойын өткізуге сенімді тұлға қалыптасуына септігі тиеді. Әртүрлі саладағы ғылымның теориясы мен практикасына терең бойлау былай тұрсын, оның тарихы, маңыздылығы, өміршендігі, пайдасы мен зиянында таразылай алатын дәрежеге жеткізеді. Білім беру бағдарламасының жан-жақты, тереңдетілген жайын ашады.. Пікір-сайыс әдеттегі пән олимпиадалары секілді. Жүйемен өткізілетін әр түрлі деңгейдегі пікір-сайыс бәсекелері арқылы жүзеге асыруға болады.

Үйірменің мақсаты: Заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын, өз ойын анық айта алатын, өз пікірін қорғай алатын жас ұрпақ қалыптастыру. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға көмектесу. Мектепшілік, аудандық дебат сайстарын ұйымдастыра отырып, сөзге шешен оқушыларды анықтау. Мектеп оқушыларын мектепаралық, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру, тәжірибе алмасу арқылы үздік нәтижелерге қол жеткізу.

Үйірменің міндеттері: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру. Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты оқушылар анықтау; ыңғаландыру оларға мүмкіндік беру

- ✓ Мектеп оқушылары арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру;
- ✓ Мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауын дамыту;
- ✓ Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру
- ✓ Оқушылардың жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу

Оқушыларды коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу; Дебат ойыны оқушы бойына мынадай қасиеттерді қалыптастырады:

- жан-жақты білім;
- тапқырлық;
- шешендік;
- зеректік;
- аңғарымпаздық;
- сын тұрғыдан ойлауды;
- өз ойын ашық айтуға
- адамдармен дұрыс сөйлесе білуге;
- көпшілік алдында сөйлеп үйренуге;
- адамдармен мәдениетті қарым-қатынас жасауға.

Күтілетін нәтиже:

- ✓ мемлекеттік тілде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;
- ✓ таным қабілетін дамыту;
- ✓ білімге құмарлық, рухани сенімін арттыру;
- ✓ пікір – шектелмейтін еркін шығамашылық екеніне сенім ұялату;
- ✓ қарма-қарсы ой стратегиясы болғандықтан, сөз әдебіне үйрету;
- ✓ шешендікке баулу;
- ✓ саяси еркін көзқарастардың бәсекелілігін тудыру;
- ✓ тыңдаушы мәдениетін насихаттау;
- ✓ оқушының өзін-өзі қадағалап, тексеріп отыруына баулу;
- ✓ оқушы жеке ізденуін, дербестігін дамыту.
- ✓ БАҚ құралдарын, кітапхана оқулықтарынан қажетті мәліметті ала алады

Қолданбалы курстың білім мазмұны

«Жігер» дебат үйірмесі 5-9 сынып оқушыларына арналған. Оқушылардың жан-жақсы дамуына, білімдерін толықтыруға, іздену жұмыстарын ұйымдастыруға көмектеседі. жалпы 34 сағаттан тұрады.

Мұндағы тақырыптар бойынша сипаттайтын болсақ:

«Кіріспе» бөлімінде үйірменің жалпы мақсаты мен міндеті, дебаттың түрлері мен формалары, олардың ерекшеліктері туралы айтылады. (2сағат)

«Резолюция. Тақырып (Қарар)» бұл тақырыпта теориялық мәні, тақырып таңдау оның философиясы туралы ақпараттар айтылады. Практикалық бөлімінде мысалдар келтіріледі. (2сағат)

«Критерий» тақырыбында оның мақсатпен ұштасуы, мақсат қоя білу, негізгі идеялар түсіндіріледі. Практикалық жұмыста айғақтар келтіріледі. (2сағат)

«Дефинициялар» тақырыптағы тірексөздер, ол дебатта не үшін қажет, оның мақсаты мен алатын орыны туралы ақпарат беріледі. Ойынның практикалық бөлімінде мысалдар келтіріледі (2сағат)

«Аргумент- ойды жеткізетін тұжырым» аргументтің маңыздылығы, оны қалай тұрғызады, оны сапалы етудің позициялары айтылады, практикада көрсетіледі. (2сағат)

«Аргумент құрастыру, оның түрлері. Жаңа аргументті қай жерде енгізуге болмайды?» бұл тақырыпта аргументті енгізудегі заңдылықтарына тоқталып, практикада мысалдар келтіріледі. (2сағат)

«Дәлелдер (факты) Тақырып үшін зерттеу мен дәлелдер қалай жасалады. Ақпарат жинақтау, статистикалық ақпараттар » әр тақырыпта аргумент құрастыруда дәлелдер мен ақпараттардың, мәліметтердің маңызы айтылады. Практикада нақты мысалдар келтіріледі. (2сағат)

«Американдық Парламенттік формат туралы түсінік. Пікір – сайыс үлгісінің негізгі элементтері» бұл тақырыпта Америкалық Парламенттік форма туралы мәлімет, ерекшелігі мен маңыздылығы туралы айтылады. (2сағат)

«Үкімет. Үкімет басшысының конструктивті сөзі . Ол қарар, критерий, аргумент, факті, қорытындыдан тұрады» АПФ форматындағы үкімет басшысының позициясы айтылады. Практика бөлімінде мысалдар келтіріледі. (2сағат)

«Үкімет мүшесінің сөз құрылымы. Міндеттер, стратегиялар, оппозицияның аргументтерін құлату. Оппозиция құлатқан аргументтерді қайтадан тұрғызу, жаңа аргументтер енгізу» АПФ форматындағы үкімет мүшесінің позициясы айтылады. Практика бөлімінде мысалдар келтіріледі. (2сағат)

«Оппозиция жетекшісінің сөзі. Оппозиция философиясы. Контркейс» АПФ форматында оппозиция көшбасшысының айтатын сөзі, тақырыпты өрбітудегі бағыттары, қарсы аргументті құрастыру туралы фактілер келтіріледі. Практикада мысалдар келтіріліп, оқушылар ойнап көреді. (2сағат)

«Оппозиция мүшесінің сөзі. Оппозиция философиясын айқындау» АПФ форматында оппозиция мүшесінің позициясы, тақырыпты өрбітудегі бағыттары, құлаған аргументті қайта құрастыру туралы фактілер келтіріледі. Практикада мысалдар келтіріліп, оқушылар ойнап көреді. (2сағат)

«Ребатлдар. Ребатл техникасы» термин сөздің мағанасы мен дебаттағы қолданылу барысы, оның маңыздылығы айтылады. Практикада ойнап көрсетіледі. (1сағат)

«Труизм және оның маңыздылығы» дебат ойыны барысында маңыздылығы түсіндіріледі. (1сағат)

«Сұрақтар. Сұрақтардың мақсаттары.» Дебат ойыны барысында сұрақ қою тәсілдері мен олардың маңызы. Түрлері туралы ақпарат бере отырып, мысалдар келтіру (1сағат)

гиль. Дауыс. Дикция. Жылдамдық» Дебаттағы маңызды терминдерді айта отырып, жеке тоқталып, жақсы ойыншының бойынан табылатын қасиеттерге тоқталу. Ойын барысында мысалдар келтіру. (2 сағат)

«Пікір – сайыс турнирлерін ұйымдастыру. Олардың ережелері» дебат ойының ұйымдастыру ерекшеліктері, онлайн форматтағы түрлеріне тоқтала отырып, практикамен бөлісу (1 сағат)

«Төрешілік етудің мәдениеті. Төрешілік критерийі» дебаттағы төрешінің төрелік етуі, оның нақты міндеттері туралы ақпарат беру, төреші қандай нәрселерге назар аударатындығын ескеру. (2 сағат)

«Спикерлік ұпайлар. Олардың шкаласы» дебатта төрешінің ұпай кою ерекшеліктері туралы толық ақпарат беру. (1 сағат)

«Қорытынды. Қоғамды ойландырып жүрген тақырыптарды жинақтап, резолюциялар тізбегін жасау» Қорытынды бөлімінде жыл бойы тоқталған тақырыптарды саралау, жақсы ойын көрсеткен оқушыларды анықтау, алғыс хаттар тағайындау. (1 сағат)

«Жігер» дебат үйірмесінің күнтізбелік-жоспары

№	Тақырыбы	Күтілетін нәтиже	Сағат саны		
			Жалпы	Теория Практика	Күні
1 2	Кіріспе. Дебат деген не? Оның қандай түрлері бар. Әлем елдері қолданған дебаттың форматтары (Америкалық Парламенттік формат, Карлс Попер, Линкольн-Дуглас пікірталастар форматы, т.б.)	- жұрт алдында еркін сөйлейді	2	2	7.09 7.09 14.09 14.09
3 4	Резолюция. Тақырып (Қарар) Кейс түрлері. Саяси және философиялық түрлері	Өміршең тақырыпты еркін ажыратады -Тақырып таңдау саясатында ой еркіндігі артады.	2	2	21.09 21.09 28.09 28.09
5 6	Критерий – мақсат. Тақырыпқа мақсат қоюды үйрену	-Идеяның құндылығын ажыратады -Әр іске мақсат қоюды біледі	2	2	5.10 5.10 12.10 12.10
7 8	Дефинициялар (анықтамалар). Тақырыптағы тірек сөздерге түсініктеме беру.	Сөздің толық мағынасын анықтайды -Сөздерді орын тәртібі арқылы қолданып, әдемі сөйлейді.	2	2	19.10 19.10 26.10 26.10
9 10	Аргумент- Дәлел. Ойды жеткізетін тұжырым.	-Шешім қабылдап үйренеді	2	2	9.11 9.11 16.11 16.11
11 12	Аргумент құрастыру, оның түрлері Жаңа аргументті қай жерде еңгізуге болмайды?	-Аргументтер саны шектеусіз, алайда уақыттың шектеулі екенін үйрету	2	2	23.11 23.11 30.11 30.11
13 14	Дәлелдер (факты) Тақырып үшін зерттеу мен дәлелдер қалай жасалады. Ақпарат жинақтау, статистикалық ақпараттар.	-Тақырыпқа қажетті фактілер мен ақпарат, мәліметтер жинау тактикасын меңгереді	2	2	7.12 7.12 14.12 14.12
15 16	Американдық Парламенттік формат туралы түсінік. Пікір – сайыс үлгісінің негізгі элементтері.	-Әлемдік аренада таралып жүрген дебаттың форматымен танысады, ерекшеліктерін анықтайды.	2	2	21.12 21.12 28.12 28.12
17 18	Үкімет. Үкімет басшысының конструктивті сөзі. Ол қарар, критерий, аргумент, факті, қорытындыдан тұрады	-премьер министрдің айтатын дәлел сөздерінің бағыттарын ажырату, анықтау	2	2	11.01 11.01 18.01 18.01

20	Үкімет мүшесінің сөз құрылымы. Міндеттер, стратегиялар, оппозицияның аргументтерін құлату. Оппозиция құлатқан аргументтерді қайтадан тұрғызу, жана аргументтер енгізу.	-үкімет мүшесінің позициясын үйрену	2	2	25.01 25.01 1.02 1.02
21 22	Оппозиция жетекшісінің сөзі. Оппозиция философиясы. Контркейс	Оппозицияның міндеттерін анықтайды, контркейс құрып үйренеді.	2	2	8.02 8.02 15.02 15.02
23 24	Оппозиция мүшесінің сөзі. Оппозиция философиясын айқындау.	- Оппозиция Лидерінің бастапқы пункттеріне оралу, жаңа дәйектер енгізу миханизмдерін үйрену	2	2	22.02 22.02 1.03 1.03
25	Рербатлдар. Рербатл техникасы	-Рербатл туралы түсінік алады, шешуші кезеңнің маңыздылығын анықтайды.	1	1	15.03 15.03
26	Труизм және оның маңыздылығы	-ерекшеліктерін анықтау	1	1	29.03 29.03
27	Сұрақтар. Сұрақтардың мақсаттары.	-сұрақ қоюдың түрлерімен, мақсатымен танысады	1	1	5.04 5.04
28 29	Стиль. Дауыс. Дикция. Жылдамдық	-дебаттағы ерекшеліктерінің бірі, дауыс, жылдамдық, стиль, туралы ақпарат алады	2	2	12.04 12.04 19.04 19.04
30	Пікір – сайыс турнирлерін ұйымдастыру. Олардың ережелері	-шағын дебат турнирлерін ұйымдастыру ережелерін үйренеді	1	1	26.04 26.04
31 32	Төрешілік етудің мәдениеті. Төрешілік критерийі	Топтар бір-біріне баға беретін, жобаға сараптама беретін әділ шешім шығара алуға үйренеді	2	2	3.05 3.05 10.05 10.05
33	Спикерлік ұпайлар. Олардың шкаласы	-ұпайлары саны мен шкаласын анықтайды	1 1	1 1	17.05 17.05 24.05 24.05
34	Қорытынды. Қоғамды ойландырып жүрген тақырыптарды жинақтап, резолюциялар тізбегін жасау	-Ең үздік спикер және ең үздік топтарды анықтау	1	1	31.05 31.05

«Жігер» дебат үйірмесінің оқушылар тізімі

1	Абдеш Махаббат
2	Айташева Айшабиби
3	Бакишев Нурлыбек
4	Бактығали Малика
5	Бекесов Ануарғали
6	Ербол Мерболат
7	Иксанов Али
8	Какимов Чингизхан
9	Мақсот Чингиз
10	Нургалиева Хавин
11	Сагинғалиева Айслу
12	Сағынғали Бағдат
13	Сағынғали Батырхан
14	Саин Манас
15	Сализов Алимжан
16	Телегенов Азатғали
17	Төлеген Гаухар
18	Умидияров Алиби
19	Уралбаева Аделя
20	Утеғалиев Аңсар